

Білім беру грантын тағайындау конкурсына өтініштерді қабылдау **2023 жылдың 13 шілдеден 20 шілдеге** дейін жүзеге асырылады
Үміткерлер конкурсына **2023 жылдың 18 мамыр мен 5 шілде** аралығында өткен ҰБТ екі нәтижесінің біреуімен қатыса алады.

Білім беруге гранттарды тағайындау бойынша конкурсына қатысу үшін құжаттар тізімі

1. Білім туралы құжат қосымшамен бірге (жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (**түпнұсқа**));
2. Жеке куәлік 2 көшірмесі;
3. 075-У нысанындағы медициналық анықтама және 066/Е нысанның көшірмесі, флюорография суреті;
4. ҰБТ Сертификаты;
5. Психометриялық тест ведомосынан үзінді («Денсаулық сақтау» саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер үшін);
6. Жеңілдікті санаттар бойынша конкурсына қатысу үшін басқа да растайтын құжаттар.
7. Барлық құжаттардың электронды нұсқасын PDF форматта өзіңізде сақтау керек.

1. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар, біліктілігін растаған және мамандығы бойынша **кемінде бір жыл жұмыс өтілі бар адамдар** мынадай құжаттардың бірін ұсынады (тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпарат болмаған жағдайда):

- еңбек кітапшасы;
- жұмыс берушінің қолы қойылған, ұйымның мөрімен расталған қызметтік тізімі (қызметкердің жұмысы, еңбек қызметі туралы мәліметтер тізбесі);
- қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтерді қамтитын архивтік анықтама;
- мерзімі және оны тоқтату негіздемесі көрсетілген жұмыс берушінің еңбек шартының;
- еңбек шартын жасау мен тоқтату негізінде еңбек қарым-қатынасының пайда болуы мен тоқтатылуын дәлелдейтін жұмыс берушінің актісінен үзінді;
- жұмысшыларға жалақы беру ведомосынан үзінді.

2. Тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша **халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының** (ғылыми жарыстардың) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған), орындаушылардың халықаралық және республикалық конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) соңғы үш жылдағы дипломдарының электрондық көшірмелері, сондай-ақ өздері таңдаған мамандықтары олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда ағымдағы оқу жылының жалпы білім беретін пәндер бойынша Президенттік, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) жеңімпаздары

3. Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар ЖОО қабылдау комиссиясына

және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы білім беру бағдарламаларының таңдалған тобы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды ұсынады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер, медициналық қорытындыға сәйкес таңдалған білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар, кәмелетке толмаған төрт және одан көп бала тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасылардағы балалар, бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін конкурс көрсетілген санаттар арасында бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысының жалпы көлемінен бекітілген квоталар бойынша өткізіледі және басым құқық пен квота беруді растайтын қосымша құжаттар тапсырады.

5. Төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балалары тәрбиеленетін отбасы балаларына берілетін квота бойынша құжаттарды тапсыру кезінде растаушы құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

- барлық балалардың туу туралы куәлігі;
- ата-анасының жеке басын куәландыратын құжаттар;
- көп балалы болуына байланысты мемлекеттік жәрдемақы алушының анықтамасы.

Егер отбасында 23 жасқа толмаған күндізгі бөлімде оқитын студент болса, онда бала санын анықтау кезінде міндетті түрде ескерілетінін ескереміз. Егер оқытылмаған болса, онда 18 жасқа дейінгі балалар есепке алынады.

6. 3 жылдан кем емес статусы бар **толық емес отбасылардан шыққан балаларға** берілетін квота бойынша құжаттарды тапсыру кезінде растайтын құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

- Туу туралы куәлік;
- ата-анасының біреуінің ажырасуы/қайтыс болуы туралы куәлік.

Егер баланы ата-анасының біреуі тәрбиелесе, бірақ туу туралы куәлікте ата-анасының екеуінің де жазбасы болса, онда некені тіркеудің жоқтығы туралы анықтаманы (E-gov/АХАЖ/әділет басқармасынан анықтама) ұсыну қажет.

7. Бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балаларына берілетін квота бойынша құжаттарды тапсыру кезінде растаушы құжаттар ретінде мынадай құжаттар ұсынылады:

- Туу туралы куәлік;
- Мүгедектігі бар толық және толық емес аға-әпкелердің туу туралы куәлігі;
- толық және толық емес ағалар мен апалардың мүгедектігі туралы анықтама.

Көрсетілген құжат көшірмесімен бірге салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Егер талапкер 18 жасқа толмаған болса, құжаттарды тапсыру кезінде ата-анасының біреуі немесе талапкердің ата-анасынан нотариалдық сенімхаты бар заңды өкілі қатысуы тиіс

Біздің сайттан өзекті ақпаратты қадағалаңыз.